

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «ә» – сыныбының

жылдық өтілген тәрбие жұмысының талдауы

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «ә» сыныбы 2022-2023 оқу жылының аяғын 27 оқушы болып аяқтадық. Оның 13 қыз, 14 ұл бала. Оның оқу озаты -3, оқу екпіндісі-11.

Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік төлқұжаты жасақталып, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше бақылауды қажет ететін және әлеуметтік жағдайы төмен оқушы жоқ.

Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырды.

Оқушылар өздерінің жан-жақтылығымен көзге түсіп, аудандық, облыстық, мектепшілік жарыстарға қатысып, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласты.

Атап айтар болсақ, мектебімізде өткізілген «Күзгі балл» сайысында сынып оқушылары бірінші орынға ие болды, қыз балалар теннистен аудандық кезеңінен 1 орынға ие болып, облысқа жолдама алды.

Сыныбымыздың ата-аналары да мектебіміздің ата-аналар арасында ұйымдастырған волейбол ойынынан 3-орынға ие болып, теннистенде жүлделі 3-орынды қанжығаға байлады.

Қайырымдылық жасау мақсатында ұйымдастырылған концерт, жәрмеңке шараларында да белсенділік танытып жүреді.

Сыныптың жетістігімен қатар кемшілікте болып жатты. Сынып мектеп кітапханасынан қалыс қалды. Сабақтан арасында себепсіз қалып қалуы, кешігіп келулері де болып жатты. Дегенмен, жыл соңына қарай бұл кемшіліктерді жөндеп, келер жылға бұндай мәселемен кездеспейміз деген үміттеміз.


Жыл бойына оқушылар емтихандарға, дайындық барысында кітапханамен тығыз байланыс орнатты.

Наурыз, мамыр айларындағы барлық мерекелік шараларға белсене қатысып, «Айналанды таза ұста» атты тазалық күнінде де өздерінің ұйымшылдығын көрсетіп, өздері оқитын сыныпты тазалап, барлық жұмысты өз дәрежесінде атқарып шықты.

Жыл бойына тәртіпсіздікпен көзге түсіп, мектепшілік есепке алынған оқушылар болған жоқ. Оқшауланған оқушы да кездескен жоқ.

Сыныптың үлгерімі 100% болса, білім сапасы 52 %-ды құрады.

Класс жетекші



Г.Қ.Жақсылықова